

БӨЛІМ: ЭССЕ

САПАЛЫ БІЛІМ, САНАЛЫ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ДҰРЫС КӘСІБИ БАҒДАР

ЖАРИЯЛАНДЫ
26.05.2022СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/122055/>

САПАЛЫ БІЛІМ, САНАЛЫ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ДҰРЫС КӘСІБИ БАҒДАР

Оқу — білімсіз өнер де жоқ, ақын болу үшін де,

болмаса басқа түрлі өнерпаз болу үшін де, ең алдымен білім керек.

Ғабит Мүсірепов

Қазақ халқы — баланы тәрбиелеуді ерте жастан жоспарлап, ерекше мән берген. Себебі, ұлттың ұлттығын сақтап қалудың негізгі көрінісі ұрпақ бойына егілген тәрбиемен ұшасатынын білсе керек. «Ұят болады», «Обал болады», «Жаман болады» деп үш ақ ауыз сөзбен бір ұлттың баласын тезге салып, тәрбиесін дарытқан қазақтың даналығында шек жоқ. Ертеде жазу сызу жоқ заманның өзінде үлкендердің өсиетін жаттап, құймақұлақтық дәтсүрмен жеткен құнды жәдігерлеріміз тарихтың талай сүрлеуінде шеті бүлінбестен сақталып келеді. Осы орайда, Зере әженің зерек әңгімелерін тыңдап өскен Абайдың даналығы еске еріксіз оралады. Құнанбайдың көшбасшылығы, Ұлжан анасының парасаты бала Абайды дана Абай биігіне көтерді. Осылайша адасқанға темірқазық болатын Абайдың терең философиясы қалыптасты. Себебі ақын шығармаларының идеясы білімге, өнерге, ғибратқа толы. «Бес нәрседен қашық болуды, бес нәрсеге асық болуды» ұрпақ санасына сіңіре отырып, білім мен тәрбиені қатар бере білу бүгінгі қоғамның өзекті мәселесіне айналып отыр. Егер тәрбие ұлттық сипат алмаса, онда берілген білімнің де жемісті болары екіталай. Қазір жаһанданудың жаңа дәуірі күнделікті біздің тұрмысымызға еніп, қалыпты тіршіліктің бір бөлігіне айналып отыр. Әсіресе, жас бұтақша иілгіш жастарымыз батыстық, шығыстық өркениеттің қызылды жасыл көріністеріне құмартып, еліктеуін үдетті. Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласында: «Өзгедегі таңсық, өзімдегі қаңсық» демей озық елдердің мәдениетін қазақы болмысқа сай бейімдеп үлгілеу қағидасын ұстануымыз керек. Сандық технология жетістіктерін талапқа сай меңгерудің қандай қажеттігі болса, ұлттық сапада меңгерудің де соншалықты қажет екенін ұмытпаған жөн. Біздің құндылықтарымыз болып саналатын ұлттық код, тіл, мәдениет, тарих сынды

дүниелер уақыт өткен сайын ұлттық бояумен көмкерілуі тиіс. Ерте заманда хан Абылайдың:

«Білекке сенген заманда,

Ешкімге есе бермеді.

Білімге сенген заманда,

Қапы қалып жүрмелік» деген тағлымды ойы осының дәлелі. Білімді ұрпақ тәрбиені де қажетінше меңгеруі тиіс. Кез келген адам өмірге келгенде патриот болып туылмайды. Бала жастан бастап қариялық кезеңге дейін өмірдің түрлі кезеңдерінен өтіп, айналасындағы болған құбылыстардың арқасында түрлі сезімдері пайда болады. Ал біздің, яғни педагогтардың міндеті, ұлтын қорғауды, салтын сүюді, құндылықтарын қадірлеуді үйретуіміз қажет. Таңертеңнен кешке дейін экранға таңылып, ондағы қажетті қажетсіз дүниелерді қабылдап, миы шаршаған баланың ойы шашыраңқы, сөзі нақты болмасы анық. Тіпті, бір бірімен сөйлесуден қалып, сөйлеуді де ұмытатын жағдайға келе жатыр. Ал бір бірімен байланысы жоқ, диалогке түсе алмайтын балаларда қандай мейірім, қандай сезім болуы мүмкін? Сондықтан ең бірінші тәрбие дәнін сеуіп, санасында саңлауы бар балаға дұрыс бағыт ұстанудың маңызы зор. Біздің ата бабаларымыздың сөзі ісіне сай, сондықтан да әр қазақ қадірлі, құрметке лайық болды. Педагог ретінде сабақ үстінде тарихи фильмдерді көрсетіп, шешендік сөздердің озық үлгілерін назарларына ұсынғанды жөн санаймын. Тарихи тұлғалардың қай қайсысын алсақ та сөз құдіретінің мәнін түсініп, барлығын салмақпен шешіп отырғанына куә болдық. Ең алдымен сөз анасы «сәлеміміздің» түзу, дұрыс болуына мән бергеніміз дұрыс. Сөз арқылы адамның білімі мен тәрбиесінің деңгейін аңғару қиын емес. Ал, қазақ халқының ұлттық тәжірибелері мен тағылымдарының мол қазынасы – халықтық педагогика. Бүгінгі қазақ мектептерінің алдында тұрған басты міндет – оқушының ұлттық сана-сезімін оятып, тәрбиелеп қана қоймай, оның бойына халықтық педагогиканы, ғасырлар бойы қалыптасқан тіл, дін, тәрбие, ұлттық салт-дәстүр, үлгі-өнегені сіңірту, яғни тәрбие беру мен оқыту әдістемелерінің түрлері көп. Жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру қай кезде де өзектілігін жоғалтқан емес. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз. Осы орайда, Әл-Фарабидің:

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген салмақты ойы біздің тәрбие жүйесінің басты ұранына айналып отыр. Яғни оқу мен тәрбие егіз. Оқу мен тәрбие ықпалдастығы сондай бірін-бірі толықтырып отырады. Оқушы болсын, студент болсын ол білім алушы. Отбасында ата ана тәрбиесінен басқа да жан жақты тәрбие беретін орын білім ордалары. Сол білім беру орындарында жүріп бала бойында түрлі білім мен дағды қалыптасады. Сондықтан тәрбие мен білімнің шексіз байланыста болуы шарт. Біз арнаулы білім беретін орындарының ұстаздары ретінде баланың өмірге қалыптасуымен қатар, таңдаған мамандығын сүюді үйретіп, сол бағыттағы білімін сапалы етіп беруді көздейміз. 9-сынып қабырғасында жүргенде ақ баланың бейімі, қабілеті, белгілі бір салаға деген қызығушылығы байқалады. Оларды байқау мұғалімдері мен ата аналарына артылатын міндет. Мамандық тау баланың тағдырын дұрыс жоспарлау деген сөзбен тең. Кейбір оқушылар уақытша қызығушылықтан туған сезімге беріліп, мамандық таңдауда қателесіп жатады. Оқып жатқан мамандығын қаламау оның білімі мен тәрбиесіне ерекше әсер етеді. Кейін кеш ойланып қалған кезде, «қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп өкініп қалатын сәттер де аз емес. Сондықтан кәсіби бағдар берудің өзіндік салмағы мен жүзі өз алдына. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауында «Білім мен кәсіби іскерлік дағдылар – қазіргі заманғы білім беру мен кадрларды даярлаудың басты бағыты» екендігін айрықша атап өтті. Өсіп келе жатқан ұрпақты еңбек іс-әрекетіне дайындау – адамзат өз тарихының әр кезеңдерінде түрлі жолмен шешімін тапқан, маңызды әлеуметтік-педагогикалық мәселелердің бірі болып табылады. Ол үшін үкіметке бизнес қауымдастығы мен жұмыс берушілер өкілдерін қатыстыра отырып, кәсіптік-техникалық кадрлар дайындау жөнінде ұлттық кеңес құруды тапсырды.

Бала жас шыбық сияқты, қалай исеңіз солай майысады. Өтпелі кезеңнің ағысына ілесу мүмкін болмаған мына қоғамда балаларға екіжақты бағыт бағдар ұсыну қажеттігі туындап отыр.

Кәсіби бағдар беру — көп салалы әрі қиын үрдіс.

Кәсіптік бағдар беруде әрбір оқушының психикалық және физиологиялық жеке қасиеттері ескерілуі тиіс. Осы тұрғыда, баланың кәсіби бағытын анықтаудың ең тиімді жолы сауалнама жүргізу дер едім. Сауалнама арқылы баланың қандай іспен айналысқанды ұнататынын, болашақта қандай маман иесі болатынын, мұндай шешім қабылдауға не себеп болғанын анықтауға болады. Бүгінгі берілген дұрыс бағыт ертеңгі мемлекетіміздің дұрыс дамуына жасап жатқан қадам деп түсінуіміз керек. Мамандық таңдаған кезде де баланың табиғатына, болмысына, өскен ортасына жақынырақ кәсіптің болуы маңызды. Сонымен қатар таңдаған мамандығының қазіргі таңда сұраныста ма жоқ па деген қырынан қараған дұрыс. Қазір ақпарат ғасыры. Робототехника саласындағы мамандықтардың сұраныс нарығында жоғары бағаға ие

екенін мойындауымыз қажет. Одан кейінгі кезекте медицина, педогог мамандықтары үлкен сұраныста. Алайда, осы мамандықтарды мәжбүрлікпен таңдап, кейін жұмысына құлықсыз қызметкерлердің пайда болатынын да жасырмауымыз керек.. Мамандық туралы жеткіліксіз білу — мамандық таңдауда кездейсоқтыққа әкеліп соқтырады. Мамандық таңдауда қателесу сайып келгенде, таңдаған мамандығын жек көріп, жұмыс орнын жиі өзгертуге себепші болады. Адам алдындағы асын қалай сүйіп ішсе, мамандығына да сондай махаббатпен қарауы тиіс. Сонда ғана білікті маман, абыройлы қызметкер, ел тұтқасын ұстайтын азамат өсіп қалыптасады. Ұлы Абайдың: «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар, қалан!» деген аманаты бүгінгі ұрпақтың иығындағы жауапты міндет деп түсінуі керек. Ендеше келешектің иесі бүгінгі ұрпаққа білім беріп қана қоймай, келешектің көкжиегіне қол жеткізетін мамандықтарға жол сілтеу аға буынның парызы. Бір ескере кететін жағдай кәсіптік бағдар беруде тек пән мұғалімі немесе сынып жетекшісі ғана емес, психологтың да қатысуы маңызды. Баланың физиологиясы мен психикасында үндестік барына көз жеткізгенде ғана мақсатты жұмыс жасалады. Қазіргі таңда кәсіптік бағдар беруді кәсіптік ақыл кеңес айту деп біздің болмысымызға сай икемдеп айтып жүрміз. Себебі бала бағдар алып отырған кезде алдында жол сілтеуші мұғалімі, досы, сырласы ретінде сезінуі тиіс.

Мектепте кәсіптік бағдар беру жұмысына : оқушыларды көпшілік мамандықтар туралы түсінікпен қаруландыру, кәсіптік қызығуы мен бейімділігін, қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту, мектеп бітіруші түлектерге мамандық таңдауға жан- жақты ақыл кеңес, бағыт бағдар беру, оқушыларды белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу сияқты міндеттер жатады. Жалпы алғанда, кәсіптік бағдар беру күрделі процесс. Бұл істі жүйелі, сауатты әрі сапалы етіп ұйымдастырудан өнімді жеміс алуға болады. Педагог А.С.Макаренко педагогикалық процестің осы бір бөлігін бөлек теорема етіп қарастырады. Өз алдына жауапкершілікті қажет ететін педагогикалық іс әрекетті дұрыс үйлестірудің маңызы ерекше.

Қалай айтсақ та, балаға ұсынатын барлық дүниелеріміз тәрбиелік сипат алуы тиіс. Дана Әл – Фарабидің: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген тағлымыды ойы білім беру ісінде басты қағидаға айналуы тиіс. Тәрбие үрдісінде ұстаздың білім өресі мен әдіскерлік шеберлігі, жеке басының үлгісі, шешуші роль атқаратынын ұмытуға болмайды. Шәкірттер өз ұстаздарының жүріс-тұрысына, мінез-құлқына, іс-әрекетіне, дүниетану көзқарасына еліктемей тұра алмайды. Сондықтан саналы тәрбие мен сапалы білімнің бала бойына дұрыс мақсатта берілуі педагог қауымының әрекетіне тікелей байланысты екен. Тәрбиелі тұлға, білімді ұрпақ кемел келешектің жемісі. Олай болса, жемісті жолдағы қайратымыз қажырлы, еңбегіміз елеулі болсын дегім келеді.

САПАЛЫ БІЛІМ, САНАЛЫ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ДҰРЫС КӘСІБИ БАҒДАР

Оқу — білімсіз өнер де жоқ, ақын болу үшін де,

болмаса басқа түрлі өнерпаз болу үшін де, ең алдымен білім керек.

Ғабит Мүсірепов

Қазақ халқы — баланы тәрбиелеуді ерте жастан жоспарлап, ерекше мән берген. Себебі, ұлттың ұлттығын сақтап қалудың негізгі көрінісі ұрпақ бойына егілген тәрбиемен ұшасатынын білсе керек. «Ұят болады», «Обал болады», «Жаман болады» деп үш ақ ауыз сөзбен бір ұлттың баласын тезге салып, тәрбиесін дарытқан қазақтың даналығында шек жоқ. Ертеде жазу сызу жоқ заманның өзінде үлкендердің өсиетін жаттап, құймақұлақтық дәтсүрмен жеткен құнды жәдігерлеріміз тарихтың талай сүрлеуінде шеті бүлінбестен сақталып келеді. Осы орайда, Зере әженің зерек әңгімелерін тыңдап өскен Абайдың даналығы еске еріксіз оралады. Құнанбайдың көшбасшылығы, Ұлжан анасының парасаты бала Абайды дана Абай биігіне көтерді. Осылайша адасқанға темірқазық болатын Абайдың терең философиясы қалыптасты. Себебі ақын шығармаларының идеясы білімге, өнерге, ғибратқа толы. «Бес нәрседен қашық болуды, бес нәрсеге асық болуды» ұрпақ санасына сіңіре отырып, білім мен тәрбиені қатар бере білу бүгінгі қоғамның өзекті мәселесіне айналып отыр. Егер тәрбие ұлттық сипат алмаса, онда берілген білімнің де жемісті болары екіталай. Қазір жаһандандудың жаңа дәуірі күнделікті біздің тұрмысымызға еніп, қалыпты тіршіліктің бір бөлігіне айналып отыр. Әсіресе, жас бұтақша иілгіш жастарымыз батыстық, шығыстық өркениеттің қызылды жасыл көріністеріне құмартып, еліктеуін үдетті. Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласында: «Өзгедегі таңсық, өзімдегі қаңсық» демей озық елдердің мәдениетін қазақы болмысқа сай бейімдеп үлгілеу қағидасын ұстануымыз керек. Сандық технология жетістіктерін талапқа сай меңгерудің қандай қажеттігі болса, ұлттық сапада меңгерудің де соншалықты қажет екенін ұмытпаған жөн. Біздің құндылықтарымыз болып саналатын ұлттық код, тіл, мәдениет, тарих сынды дүниелер уақыт өткен сайын ұлттық бояумен көмкерілуі тиіс. Ерте заманда хан Абылайдың:

«Білекке сенген заманда,

Ешкімге есе бермеді.

Білімге сенген заманда,

Қапы қалып жүрмелік» деген тағлымды ойы осының дәлелі. Білімді ұрпақ тәрбиені де қажетінше меңгеруі тиіс. Кез келген адам өмірге келгенде патриот болып туылмайды. Бала жастан бастап қариялық кезеңге дейін өмірдің түрлі кезеңдерінен өтіп, айналасындағы болған құбылыстардың арқасында түрлі сезімдері пайда болады. Ал біздің, яғни педагогтардың міндеті, ұлтын қорғауды, салтын сүюді, құндылықтарын қадірлеуді үйретуіміз қажет. Таңертеңнен кешке дейін экранға таңылып, ондағы қажетті қажетсіз дүниелерді қабылдап, миы шаршаған баланың ойы шашыраңқы, сөзі

нақты болмасы анық. Тіпті, бір бірімен сөйлесуден қалып, сөйлеуді де ұмытатын жағдайға келе жатыр. Ал бір бірімен байланысы жоқ, диалогке түсе алмайтын балаларда қандай мейірім, қандай сезім болуы мүмкін? Сондықтан ең бірінші тәрбие дәнін сеуіп, санасында саңлауы бар балаға дұрыс бағыт ұстанудың маңызы зор. Біздің ата бабаларымыздың сөзі ісіне сай, сондықтан да әр қазақ қадірлі, құрметке лайық болды. Педагог ретінде сабақ үстінде тарихи фильмдерді көрсетіп, шешендік сөздердің озық үлгілерін назарларына ұсынғанды жөн санаймын. Тарихи тұлғалардың қай қайсысын алсақ та сөз құдіретінің мәнін түсініп, барлығын салмақпен шешіп отырғанына куә болдық. Ең алдымен сөз анасы «сәлеміміздің» тұзу, дұрыс болуына мән бергеніміз дұрыс. Сөз арқылы адамның білімі мен тәрбиесінің деңгейін аңғару қиын емес. Ал, қазақ халқының ұлттық тәжірибелері мен тағылымдарының мол қазынасы – халықтық педагогика. Бүгінгі қазақ мектептерінің алдында тұрған басты міндет – оқушының ұлттық сана-сезімін оятып, тәрбиелеп қана қоймай, оның бойына халықтық педагогиканы, ғасырлар бойы қалыптасқан тіл, дін, тәрбие, ұлттық салт-дәстүр, үлгі-өнегені сіңірту, яғни тәрбие беру мен оқыту әдістемелерінің түрлері көп. Жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру қай кезде де өзектілігін жоғалтқан емес. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

— оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;

— жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;

— ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;

— жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз. Осы орайда, Әл-Фарабидің:

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген салмақты ойы біздің тәрбие жүйесінің басты ұранына айналып отыр. Яғни оқу мен тәрбие егіз. Оқу мен тәрбие ықпалдастығы сондай бірін-бірі толықтырып отырады. Оқушы болсын, студент болсын ол білім алушы. Отбасында ата ана тәрбиесінен басқа да жан жақты тәрбие беретін орын білім ордалары. Сол білім беру орындарында жүріп бала бойында түрлі білім мен дағды қалыптасады. Сондықтан тәрбие мен білімнің шексіз байланыста болуы шарт. Біз арнаулы білім беретін орындарының ұстаздары ретінде баланың өмірге қалыптасуымен қатар, таңдаған мамандығын сүюді үйретіп, сол бағыттағы білімін сапалы етіп беруді көздейміз. 9-сынып қабырғасында жүргенде ақ баланың бейімі, қабілеті, белгілі бір салаға деген қызығушылығы байқалады. Оларды байқау мұғалімдері мен ата аналарына артылатын міндет. Мамандық тау баланың тағдырын дұрыс жоспарлау деген сөзбен тең. Кейбір оқушылар уақытша қызығушылықтан туған сезімге беріліп, мамандық таңдауда қателесіп жатады. Оқып жатқан мамандығын қаламау оның білімі мен тәрбиесіне

ерекше әсер етеді. Кейін кеш ойланып қалған кезде, «қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп өкініп қалатын сәттер де аз емес. Сондықтан кәсіби бағдар берудің өзіндік салмағы мен жүзі өз алдына. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауында «Білім мен кәсіби іскерлік дағдылар – қазіргі заманғы білім беру мен кадрларды даярлаудың басты бағыты» екендігін айрықша атап өтті. Өсіп келе жатқан ұрпақты еңбек іс-әрекетіне дайындау – адамзат өз тарихының әр кезеңдерінде түрлі жолмен шешімін тапқан, маңызды әлеуметтік-педагогикалық мәселелердің бірі болып табылады. Ол үшін үкіметке бизнес қауымдастығы мен жұмыс берушілер өкілдерін қатыстыра отырып, кәсіптік-техникалық кадрлар дайындау жөнінде ұлттық кеңес құруды тапсырды.

Бала жас шыбық сияқты, қалай исеңіз солай майысады. Өтпелі кезеңнің ағысына ілесу мүмкін болмаған мына қоғамда балаларға екіжақты бағыт бағдар ұсыну қажеттігі туындап отыр.

Кәсіби бағдар беру — көп салалы әрі қиын үрдіс.

Кәсіптік бағдар беруде әрбір оқушының психикалық және физиологиялық жеке қасиеттері ескерілуі тиіс. Осы тұрғыда, баланың кәсіби бағытын анықтаудың ең тиімді жолы сауалнама жүргізу дер едім. Сауалнама арқылы баланың қандай іспен айналысқанды ұнататынын, болашақта қандай маман иесі болатынын, мұндай шешім қабылдауға не себеп болғанын анықтауға болады. Бүгінгі берілген дұрыс бағыт ертеңгі мемлекетіміздің дұрыс дамуына жасап жатқан қадам деп түсінуіміз керек. Мамандық таңдаған кезде де баланың табиғатына, болмысына, өскен ортасына жақынырақ кәсіптің болуы маңызды. Сонымен қатар таңдаған мамандығының қазіргі таңда сұраныста ма жоқ па деген қырынан қараған дұрыс. Қазір ақпарат ғасыры. Робототехника саласындағы мамандықтардың сұраныс нарығында жоғары бағаға ие екенін мойындауымыз қажет. Одан кейінгі кезекте медицина, педогог мамандықтары үлкен сұраныста. Алайда, осы мамандықтарды мәжбүрлікпен таңдап, кейін жұмысына құлықсыз қызметкерлердің пайда болатынын да жасырмауымыз керек.. Мамандық туралы жеткіліксіз білу — мамандық таңдауда кездейсоқтыққа әкеліп соқтырады. Мамандық таңдауда қателесу сайып келгенде, таңдаған мамандығын жек көріп, жұмыс орнын жиі өзгертуге себепші болады. Адам алдындағы асын қалай сүйіп ішсе, мамандығына да сондай махаббатпен қарауы тиіс. Сонда ғана білікті маман, абыройлы қызметкер, ел тұтқасын ұстайтын азамат өсіп қалыптасады. Ұлы Абайдың: «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар, қалан!» деген аманаты бүгінгі ұрпақтың иығындағы жауапты міндет деп түсінуі керек. Ендеше келешектің иесі бүгінгі ұрпаққа білім беріп қана қоймай, келешектің көкжиегіне қол жеткізетін мамандықтарға жол сілтеу аға буынның парызы. Бір ескере кететін жағдай кәсіптік бағдар беруде тек пән мұғалімі немесе сынып жетекшісі ғана емес, психологтың да қатысуы маңызды. Баланың физиологиясы мен психикасында үндестік барына көз жеткізгенде ғана мақсатты жұмыс

жасалады. Қазіргі таңда кәсіптік бағдар беруді кәсіптік ақыл кеңес айту деп біздің болмысымызға сай икемдеп айтып жүрміз. Себебі бала бағдар алып отырған кезде алдында жол сілтеуші мұғалімі, досы, сырласы ретінде сезінуі тиіс.

Мектепте кәсіптік бағдар беру жұмысына : оқушыларды көпшілік мамандықтар туралы түсінікпен қаруландыру, кәсіптік қызығуы мен бейімділігін, қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту, мектеп бітіруші түлектерге мамандық таңдауға жан- жақты ақыл кеңес, бағыт бағдар беру, оқушыларды белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу сияқты міндеттер жатады. Жалпы алғанда, кәсіптік бағдар беру күрделі процесс. Бұл істі жүйелі, сауатты әрі сапалы етіп ұйымдастырудан өнімді жеміс алуға болады. Педагог А.С.Макаренко педагогикалық процестің осы бір бөлігін бөлек теорема етіп қарастырады. Өз алдына жауапкершілікті қажет ететін педагогикалық іс әрекетті дұрыс үйлестірудің маңызы ерекше.

Қалай айтсақ та, балаға ұсынатын барлық дүниелеріміз тәрбиелік сипат алуы тиіс. Дана Әл – Фарабидің: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген тағлымыды ойы білім беру ісінде басты қағидаға айналуы тиіс. Тәрбие үрдісінде ұстаздың білім өресі мен әдіскерлік шеберлігі, жеке басының үлгісі, шешуші роль атқаратынын ұмытуға болмайды. Шәкірттер өз ұстаздарының жүріс-тұрысына, мінез-құлқына, іс-әрекетіне, дүниетану көзқарасына еліктемей тұра алмайды. Сондықтан саналы тәрбие мен сапалы білімнің бала бойына дұрыс мақсатта берілуі педагог қауымының әрекетіне тікелей байланысты екен. Тәрбиелі тұлға, білімді ұрпақ кемел келешектің жемісі. Олай болса, жемісті жолдағы қайратымыз қажырлы, еңбегіміз елеулі болсын дегім келеді.

САПАЛЫ БІЛІМ, САНАЛЫ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ДҰРЫС КӘСІБИ БАҒДАР

Оқу — білімсіз өнер де жоқ, ақын болу үшін де,

болмаса басқа түрлі өнерпаз болу үшін де, ең алдымен білім керек.

Ғабит Мүсірепов

Қазақ халқы — баланы тәрбиелеуді ерте жастан жоспарлап, ерекше мән берген. Себебі, ұлттың ұлттығын сақтап қалудың негізгі көрінісі ұрпақ бойына егілген тәрбиемен ұшасатынын білсе керек. «Ұят болады», «Обал болады», «Жаман болады» деп үш ақ ауыз сөзбен бір ұлттың баласын тезге салып, тәрбиесін дарытқан қазақтың даналығында шек жоқ. Ертеде жазу сызу жоқ заманның өзінде үлкендердің өсиетін жаттап, құймақұлақтық дәтсүрмен жеткен құнды жәдігерлеріміз тарихтың талай сүрлеуінде шеті бүлінбестен сақталып келеді. Осы орайда, Зере әженің зерек әңгімелерін тыңдап өскен Абайдың даналығы еске еріксіз оралады. Құнанбайдың көшбасшылығы, Ұлжан анасының парасаты бала Абайды дана Абай биігіне көтерді.

Осылайша адасқанға темірқазық болатын Абайдың терең философиясы қалыптасты. Себебі ақын шығармаларының идеясы білімге, өнерге, ғибратқа толы. «Бес нәрседен қашық болуды, бес нәрсеге асық болуды» ұрпақ санасына сіңіре отырып, білім мен тәрбиені қатар бере білу бүгінгі қоғамның өзекті мәселесіне айналып отыр. Егер тәрбие ұлттық сипат алмаса, онда берілген білімнің де жемісті болары екіталай. Қазір жаһанданудың жаңа дәуірі күнделікті біздің тұрмысымызға еніп, қалыпты тіршіліктің бір бөлігіне айналып отыр. Әсіресе, жас бұтақша иілгіш жастарымыз батыстық, шығыстық өркениеттің қызылды жасыл көріністеріне құмартып, еліктеуін үдетті. Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласында: «Өзгедегі таңсық, өзімдегі қаңсық» демей озық елдердің мәдениетін қазақы болмысқа сай бейімдеп үлгілеу қағидасын ұстануымыз керек. Сандық технология жетістіктерін талапқа сай меңгерудің қандай қажеттігі болса, ұлттық сапада меңгерудің де соншалықты қажет екенін ұмытпаған жөн. Біздің құндылықтарымыз болып саналатын ұлттық код, тіл, мәдениет, тарих сынды дүниелер уақыт өткен сайын ұлттық бояумен көмкерілуі тиіс. Ерте заманда хан Абылайдың:

«Білекке сенген заманда,

Ешкімге есе бермеді.

Білімге сенген заманда,

Қапы қалып жүрмелік» деген тағлымды ойы осының дәлелі. Білімді ұрпақ тәрбиені де қажетінше меңгеруі тиіс. Кез келген адам өмірге келгенде патриот болып туылмайды. Бала жастан бастап қариялық кезеңге дейін өмірдің түрлі кезеңдерінен өтіп, айналасындағы болған құбылыстардың арқасында түрлі сезімдері пайда болады. Ал біздің, яғни педагогтардың міндеті, ұлтын қорғауды, салтын сүюді, құндылықтарын қадірлеуді үйретуіміз қажет. Таңертеңнен кешке дейін экранға таңылып, ондағы қажетті қажетсіз дүниелерді қабылдап, миы шаршаған баланың ойы шашыраңқы, сөзі нақты болмасы анық. Тіпті, бір бірімен сөйлесуден қалып, сөйлеуді де ұмытатын жағдайға келе жатыр. Ал бір бірімен байланысы жоқ, диалогке түсе алмайтын балаларда қандай мейірім, қандай сезім болуы мүмкін? Сондықтан ең бірінші тәрбие дәнін сеуіп, санасында саңлауы бар балаға дұрыс бағыт ұстанудың маңызы зор. Біздің ата бабаларымыздың сөзі ісіне сай, сондықтан да әр қазақ қадірлі, құрметке лайық болды. Педагог ретінде сабақ үстінде тарихи фильмдерді көрсетіп, шешендік сөздердің озық үлгілерін назарларына ұсынғанды жөн санаймын. Тарихи тұлғалардың қай қайсысын алсақ та сөз құдіретінің мәнін түсініп, барлығын салмақпен шешіп отырғанына куә болдық. Ең алдымен сөз анасы «сәлеміміздің» түзу, дұрыс болуына мән бергеніміз дұрыс. Сөз арқылы адамның білімі мен тәрбиесінің деңгейін аңғару қиын емес. Ал, қазақ халқының ұлттық тәжірибелері мен тағылымдарының мол қазынасы – халықтық педагогика. Бүгінгі қазақ мектептерінің алдында тұрған басты міндет – оқушының ұлттық сана-сезімін оятып, тәрбиелеп қана қоймай, оның бойына халықтық

педагогиканы, ғасырлар бойы қалыптасқан тіл, дін, тәрбие, ұлттық салт-дәстүр, үлгі-өнегені сіңірту, яғни тәрбие беру мен оқыту әдістемелерінің түрлері көп. Жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру қай кезде де өзектілігін жоғалтқан емес. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

— оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;

— жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;

— ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;

— жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз. Осы орайда, Әл-Фарабидің:

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген салмақты ойы біздің тәрбие жүйесінің басты ұранына айналып отыр. Яғни оқу мен тәрбие егіз. Оқу мен тәрбие ықпалдастығы сондай бірін-бірі толықтырып отырады. Оқушы болсын, студент болсын ол білім алушы. Отбасында ата ана тәрбиесінен басқа да жан жақты тәрбие беретін орын білім ордалары. Сол білім беру орындарында жүріп бала бойында түрлі білім мен дағды қалыптасады. Сондықтан тәрбие мен білімнің шексіз байланыста болуы шарт. Біз арнаулы білім беретін орындарының ұстаздары ретінде баланың өмірге қалыптасуымен қатар, таңдаған мамандығын сүюді үйретіп, сол бағыттағы білімін сапалы етіп беруді көздейміз. 9-сынып қабырғасында жүргенде ақ баланың бейімі, қабілеті, белгілі бір салаға деген қызығушылығы байқалады. Оларды байқау мұғалімдері мен ата аналарына артылатын міндет. Мамандық тау баланың тағдырын дұрыс жоспарлау деген сөзбен тең. Кейбір оқушылар уақытша қызығушылықтан туған сезімге беріліп, мамандық таңдауда қателесіп жатады. Оқып жатқан мамандығын қаламау оның білімі мен тәрбиесіне ерекше әсер етеді. Кейін кеш ойланып қалған кезде, «қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп өкініп қалатын сәттер де аз емес. Сондықтан кәсіби бағдар берудің өзіндік салмағы мен жүзі өз алдына. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауында «Білім мен кәсіби іскерлік дағдылар – қазіргі заманғы білім беру мен кадрларды даярлаудың басты бағыты» екендігін айрықша атап өтті. Өсіп келе жатқан ұрпақты еңбек іс-әрекетіне дайындау – адамзат өз тарихының әр кезеңдерінде түрлі жолмен шешімін тапқан, маңызды әлеуметтік-педагогикалық мәселелердің бірі болып табылады. Ол үшін үкіметке бизнес қауымдастығы мен жұмыс берушілер өкілдерін қатыстыра отырып, кәсіптік-техникалық кадрлар дайындау жөнінде ұлттық кеңес құруды тапсырды.

Бала жас шыбық сияқты, қалай исеңіз солай майысады. Өтпелі кезеңнің ағысына ілесу

мүмкін болмаған мына қоғамда балаларға екіжақты бағыт бағдар ұсыну қажеттігі туындап отыр.

Кәсіби бағдар беру — көп салалы әрі қиын үрдіс.

Кәсіптік бағдар беруде әрбір оқушының психикалық және физиологиялық жеке қасиеттері ескерілуі тиіс. Осы тұрғыда, баланың кәсіби бағытын анықтаудың ең тиімді жолы сауалнама жүргізу дер едім. Сауалнама арқылы баланың қандай іспен айналысқанды ұнататынын, болашақта қандай маман иесі болатынын, мұндай шешім қабылдауға не себеп болғанын анықтауға болады. Бүгінгі берілген дұрыс бағыт ертеңгі мемлекетіміздің дұрыс дамуына жасап жатқан қадам деп түсінуіміз керек. Мамандық таңдаған кезде де баланың табиғатына, болмысына, өскен ортасына жақынырақ кәсіптің болуы маңызды. Сонымен қатар таңдаған мамандығының қазіргі таңда сұраныста ма жоқ па деген қырынан қараған дұрыс. Қазір ақпарат ғасыры. Робототехника саласындағы мамандықтардың сұраныс нарығында жоғары бағаға ие екенін мойындауымыз қажет. Одан кейінгі кезекте медицина, педогог мамандықтары үлкен сұраныста. Алайда, осы мамандықтарды мәжбүрлікпен таңдап, кейін жұмысына құлықсыз қызметкерлердің пайда болатынын да жасырмауымыз керек.. Мамандық туралы жеткіліксіз білу — мамандық таңдауда кездейсоқтыққа әкеліп соқтырады. Мамандық таңдауда қателесу сайып келгенде, таңдаған мамандығын жек көріп, жұмыс орнын жиі өзгертуге себепші болады. Адам алдындағы асын қалай сүйіп ішсе, мамандығына да сондай махаббатпен қарауы тиіс. Сонда ғана білікті маман, абыройлы қызметкер, ел тұтқасын ұстайтын азамат өсіп қалыптасады. Ұлы Абайдың: «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар, қалан!» деген аманаты бүгінгі ұрпақтың иығындағы жауапты міндет деп түсінуі керек. Ендеше келешектің иесі бүгінгі ұрпаққа білім беріп қана қоймай, келешектің көкжиегіне қол жеткізетін мамандықтарға жол сілтеу аға буынның парызы. Бір ескере кететін жағдай кәсіптік бағдар беруде тек пән мұғалімі немесе сынып жетекшісі ғана емес, психологтың да қатысуы маңызды. Баланың физиологиясы мен психикасында үндестік барына көз жеткізгенде ғана мақсатты жұмыс жасалады. Қазіргі таңда кәсіптік бағдар беруді кәсіптік ақыл кеңес айту деп біздің болмысымызға сай икемдеп айтып жүрміз. Себебі бала бағдар алып отырған кезде алдында жол сілтеуші мұғалімі, досы, сырласы ретінде сезінуі тиіс.

Мектепте кәсіптік бағдар беру жұмысына : оқушыларды көпшілік мамандықтар туралы түсінікпен қаруландыру, кәсіптік қызығуы мен бейімділігін, қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту, мектеп бітіруші түлектерге мамандық таңдауға жан- жақты ақыл кеңес, бағыт бағдар беру, оқушыларды белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу сияқты міндеттер жатады. Жалпы алғанда, кәсіптік бағдар беру күрделі процесс. Бұл істі жүйелі, сауатты әрі сапалы етіп ұйымдастырудан өнімді жеміс алуға болады. Педагог А.С.Макаренко педагогикалық процестің осы бір бөлігін бөлек теорема етіп қарастырады. Өз алдына жауапкершілікті қажет ететін педагогикалық іс әрекетті дұрыс үйлестірудің маңызы ерекше.

Қалай айтсақ та, балаға ұсынатын барлық дүниелеріміз тәрбиелік сипат алуы тиіс. Дана Әл – Фарабидің: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген тағлымыды ойы білім беру ісінде басты қағидаға айналуы тиіс. Тәрбие үрдісінде ұстаздың білім өресі мен әдіскерлік шеберлігі, жеке басының үлгісі, шешуші роль атқаратынын ұмытуға болмайды. Шәкірттер өз ұстаздарының жүріс-тұрысына, мінез-құлқына, іс-әрекетіне, дүниетану көзқарасына еліктемей тұра алмайды. Сондықтан саналы тәрбие мен сапалы білімнің бала бойына дұрыс мақсатта берілуі педагог қауымының әрекетіне тікелей байланысты екен. Тәрбиелі тұлға, білімді ұрпақ кемел келешектің жемісі. Олай болса, жемісті жолдағы қайратымыз қажырлы, еңбегіміз елеулі болсын дегім келеді.

САПАЛЫ БІЛІМ, САНАЛЫ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ДҰРЫС КӘСІБИ БАҒДАР

Оқу — білімсіз өнер де жоқ, ақын болу үшін де,

болмаса басқа түрлі өнерпаз болу үшін де, ең алдымен білім керек.

Ғабит Мүсірепов

Қазақ халқы — баланы тәрбиелеуді ерте жастан жоспарлап, ерекше мән берген. Себебі, ұлттың ұлттығын сақтап қалудың негізгі көрінісі ұрпақ бойына егілген тәрбиемен ұшасатынын білсе керек. «Ұят болады», «Обал болады», «Жаман болады» деп үш ақ ауыз сөзбен бір ұлттың баласын тезге салып, тәрбиесін дарытқан қазақтың даналығында шек жоқ. Ертеде жазу сызу жоқ заманның өзінде үлкендердің өсиетін жаттап, құймақұлақтық дәтсүрмен жеткен құнды жәдігерлеріміз тарихтың талай сүрлеуінде шеті бүлінбестен сақталып келеді. Осы орайда, Зере әженің зерек әңгімелерін тыңдап өскен Абайдың даналығы еске еріксіз оралады. Құнанбайдың

көшбасшылығы, Ұлжан анасының парасаты бала Абайды дана Абай биігіне көтерді. Осылайша адасқанға темірқазық болатын Абайдың терең философиясы қалыптасты. Себебі ақын шығармаларының идеясы білімге, өнерге, ғибратқа толы. «Бес нәрседен қашық болуды, бес нәрсеге асық болуды» ұрпақ санасына сіңіре отырып, білім мен тәрбиені қатар бере білу бүгінгі қоғамның өзекті мәселесіне айналып отыр. Егер тәрбие ұлттық сипат алмаса, онда берілген білімнің де жемісті болары екіталай. Қазір жаһандандудың жаңа дәуірі күнделікті біздің тұрмысымызға еніп, қалыпты тіршіліктің бір бөлігіне айналып отыр. Әсіресе, жас бұтақша иілгіш жастарымыз батыстық, шығыстық өркениеттің қызылды жасыл көріністеріне құмартып, еліктеуін үдетті. Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласында: «Өзгедегі таңсық, өзіндегі қаңсық» демей озық елдердің мәдениетін қазақы болмысқа сай бейімдеп үлгілеу қағидасын ұстануымыз керек. Сандық технология жетістіктерін талапқа сай меңгерудің қандай қажеттігі болса, ұлттық сапада меңгерудің де соншалықты қажет екенін ұмытпаған жөн. Біздің құндылықтарымыз болып саналатын ұлттық код, тіл, мәдениет, тарих сынды дүниелер уақыт өткен сайын ұлттық бояумен көмкерілуі тиіс. Ерте заманда хан Абылайдың:

«Білекке сенген заманда,

Ешкімге есе бермеді.

Білімге сенген заманда,

Қапы қалып жүрмелік» деген тағлымды ойы осының дәлелі. Білімді ұрпақ тәрбиені де қажетінше меңгеруі тиіс. Кез келген адам өмірге келгенде патриот болып туылмайды. Бала жастан бастап қариялық кезеңге дейін өмірдің түрлі кезеңдерінен өтіп, айналасындағы болған құбылыстардың арқасында түрлі сезімдері пайда болады. Ал біздің, яғни педагогтардың міндеті, ұлтын қорғауды, салтын сүюді, құндылықтарын қадірлеуді үйретуіміз қажет. Таңертеңнен кешке дейін экранға таңылып, ондағы қажетті қажетсіз дүниелерді қабылдап, миы шаршаған баланың ойы шашыраңқы, сөзі нақты болмасы анық. Тіпті, бір бірімен сөйлесуден қалып, сөйлеуді де ұмытатын жағдайға келе жатыр. Ал бір бірімен байланысы жоқ, диалогке түсе алмайтын балаларда қандай мейірім, қандай сезім болуы мүмкін? Сондықтан ең бірінші тәрбие дәнін сеуіп, санасында саңлауы бар балаға дұрыс бағыт ұстанудың маңызы зор. Біздің ата бабаларымыздың сөзі ісіне сай, сондықтан да әр қазақ қадірлі, құрметке лайық болды. Педагог ретінде сабақ үстінде тарихи фильмдерді көрсетіп, шешендік сөздердің озық үлгілерін назарларына ұсынғанды жөн санаймын. Тарихи тұлғалардың қай қайсысын алсақ та сөз құдіретінің мәнін түсініп, барлығын салмақпен шешіп отырғанына куә болдық. Ең алдымен сөз анасы «сәлеміміздің» түзу, дұрыс болуына мән бергеніміз дұрыс. Сөз арқылы адамның білімі мен тәрбиесінің деңгейін аңғару қиын емес. Ал, қазақ халқының ұлттық тәжірибелері мен тағылымдарының мол қазынасы – халықтық педагогика. Бүгінгі қазақ мектептерінің алдында тұрған басты міндет – оқушының

ұлттық сана-сезімін оятып, тәрбиелеп қана қоймай, оның бойына халықтық педагогиканы, ғасырлар бойы қалыптасқан тіл, дін, тәрбие, ұлттық салт-дәстүр, үлгі-өнегені сіңірту, яғни тәрбие беру мен оқыту әдістемелерінің түрлері көп. Жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру қай кезде де өзектілігін жоғалтқан емес. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

— оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;

— жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;

— ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;

— жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз. Осы орайда, Әл-Фарабидің:

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген салмақты ойы біздің тәрбие жүйесінің басты ұранына айналып отыр. Яғни оқу мен тәрбие егіз. Оқу мен тәрбие ықпалдастығы сондай бірін-бірі толықтырып отырады. Оқушы болсын, студент болсын ол білім алушы. Отбасында ата ана тәрбиесінен басқа да жан жақты тәрбие беретін орын білім ордалары. Сол білім беру орындарында жүріп бала бойында түрлі білім мен дағды қалыптасады. Сондықтан тәрбие мен білімнің шексіз байланыста болуы шарт. Біз арнаулы білім беретін орындарының ұстаздары ретінде баланың өмірге қалыптасуымен қатар, таңдаған мамандығын сүюді үйретіп, сол бағыттағы білімін сапалы етіп беруді көздейміз. 9-сынып қабырғасында жүргенде ақ баланың бейімі, қабілеті, белгілі бір салаға деген қызығушылығы байқалады. Оларды байқау мұғалімдері мен ата аналарына артылатын міндет. Мамандық тау баланың тағдырын дұрыс жоспарлау деген сөзбен тең. Кейбір оқушылар уақытша қызығушылықтан туған сезімге беріліп, мамандық таңдауда қателесіп жатады. Оқып жатқан мамандығын қаламау оның білімі мен тәрбиесіне ерекше әсер етеді. Кейін кеш ойланып қалған кезде, «қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп өкініп қалатын сәттер де аз емес. Сондықтан кәсіби бағдар берудің өзіндік салмағы мен жүзі өз алдына. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауында «Білім мен кәсіби іскерлік дағдылар – қазіргі заманғы білім беру мен кадрларды даярлаудың басты бағыты» екендігін айрықша атап өтті. Өсіп келе жатқан ұрпақты еңбек іс-әрекетіне дайындау – адамзат өз тарихының әр кезеңдерінде түрлі жолмен шешімін тапқан, маңызды әлеуметтік-педагогикалық мәселелердің бірі болып табылады. Ол үшін үкіметке бизнес қауымдастығы мен жұмыс берушілер өкілдерін қатыстыра отырып, кәсіптік-техникалық кадрлар дайындау жөнінде ұлттық кеңес құруды тапсырды.

Бала жас шыбық сияқты, қалай исеңіз солай майысады. Өтпелі кезеңнің ағысына ілесу мүмкін болмаған мына қоғамда балаларға екіжақты бағыт бағдар ұсыну қажеттігі туындап отыр.

Кәсіби бағдар беру — көп салалы әрі қиын үрдіс.

Кәсіптік бағдар беруде әрбір оқушының психикалық және физиологиялық жеке қасиеттері ескерілуі тиіс. Осы тұрғыда, баланың кәсіби бағытын анықтаудың ең тиімді жолы сауалнама жүргізу дер едім. Сауалнама арқылы баланың қандай іспен айналысқанды ұнататынын, болашақта қандай маман иесі болатынын, мұндай шешім қабылдауға не себеп болғанын анықтауға болады. Бүгінгі берілген дұрыс бағыт ертеңгі мемлекетіміздің дұрыс дамуына жасап жатқан қадам деп түсінуіміз керек. Мамандық таңдаған кезде де баланың табиғатына, болмысына, өскен ортасына жақынырақ кәсіптің болуы маңызды. Сонымен қатар таңдаған мамандығының қазіргі таңда сұраныста ма жоқ па деген қырынан қараған дұрыс. Қазір ақпарат ғасыры. Робототехника саласындағы мамандықтардың сұраныс нарығында жоғары бағаға ие екенін мойындауымыз қажет. Одан кейінгі кезекте медицина, педогог мамандықтары үлкен сұраныста. Алайда, осы мамандықтарды мәжбүрлікпен таңдап, кейін жұмысына құлықсыз қызметкерлердің пайда болатынын да жасырмауымыз керек.. Мамандық туралы жеткіліксіз білу — мамандық таңдауда кездейсоқтыққа әкеліп соқтырады. Мамандық таңдауда қателесу сайып келгенде, таңдаған мамандығын жек көріп, жұмыс орнын жиі өзгертуге себепші болады. Адам алдындағы асын қалай сүйіп ішсе, мамандығына да сондай махаббатпен қарауы тиіс. Сонда ғана білікті маман, абыройлы қызметкер, ел тұтқасын ұстайтын азамат өсіп қалыптасады. Ұлы Абайдың: «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар, қалан!» деген аманаты бүгінгі ұрпақтың иығындағы жауапты міндет деп түсінуі керек. Ендеше келешектің иесі бүгінгі ұрпаққа білім беріп қана қоймай, келешектің көкжиегіне қол жеткізетін мамандықтарға жол сілтеу аға буынның парызы. Бір ескере кететін жағдай кәсіптік бағдар беруде тек пән мұғалімі немесе сынып жетекшісі ғана емес, психологтың да қатысуы маңызды. Баланың физиологиясы мен психикасында үндестік барына көз жеткізгенде ғана мақсатты жұмыс жасалады. Қазіргі таңда кәсіптік бағдар беруді кәсіптік ақыл кеңес айту деп біздің болмысымызға сай икемдеп айтып жүрміз. Себебі бала бағдар алып отырған кезде алдында жол сілтеуші мұғалімі, досы, сырласы ретінде сезінуі тиіс.

Мектепте кәсіптік бағдар беру жұмысына : оқушыларды көпшілік мамандықтар туралы түсінікпен қаруландыру, кәсіптік қызығуы мен бейімділігін, қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту, мектеп бітіруші түлектерге мамандық таңдауға жан- жақты ақыл кеңес, бағыт бағдар беру, оқушыларды белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу сияқты міндеттер жатады. Жалпы алғанда, кәсіптік бағдар беру күрделі процесс. Бұл істі жүйелі, сауатты әрі сапалы етіп ұйымдастырудан өнімді жеміс алуға болады. Педагог А.С.Макаренко педагогикалық процестің осы бір бөлігін бөлек теорема етіп қарастырады. Өз алдына жауапкершілікті қажет ететін педагогикалық іс әрекетті

дұрыс үйлестірудің маңызы ерекше.

Қалай айтсақ та, балаға ұсынатын барлық дүниелеріміз тәрбиелік сипат алуы тиіс. Дана Әл - Фарабидің: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген тағлымыды ойы білім беру ісінде басты қағидаға айналуы тиіс. Тәрбие үрдісінде ұстаздың білім өресі мен әдіскерлік шеберлігі, жеке басының үлгісі, шешуші роль атқаратынын ұмытуға болмайды. Шәкірттер өз ұстаздарының жүріс-тұрысына, мінез-құлқына, іс-әрекетіне, дүниетану көзқарасына еліктемей тұра алмайды. Сондықтан саналы тәрбие мен сапалы білімнің бала бойына дұрыс мақсатта берілуі педагог қауымының әрекетіне тікелей байланысты екен. Тәрбиелі тұлға, білімді ұрпақ кемел келешектің жемісі. Олай болса, жемісті жолдағы қайратымыз қажырлы, еңбегіміз елеулі болсын дегім келеді.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.